

**КОПИЯ**

Жалғыз құрылтайшының  
2021 жылғы «02» наурыздан № 1 шешімімен  
БЕКІТІЛДІ

**«Тамосик» мектепке дейінгі білім беру ұйымы»  
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ  
ЖАРҒЫСЫ**

Алматы қ., 2021 ж.

**СМОТРИ НА  
ОБОРОТЕ**

## **1-бап. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының 27.12.1994 жылғы Азаматтық Кодексіне (жалпы бөлім), «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі № 220-І Заңына және «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 27.07.2007 жылғы Заңына сәйкес әзірленді.

1.2. Серіктестіктің фирмалық атауы:

Толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Тамосню» мектепке дейінгі білім беру ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

орыс тілінде: Товарищество с ограниченной ответственностью «Дошкольная организация образования «Тамосню»;

Қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «Тамосню» МБҰ» ЖШС;

орыс тілінде: ТОО «ДОО «Тамосню»;

1.3. Серіктестіктің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Ө. Кекілбайұлы көшесі, 129/4-үй.

1.4. Серіктестіктің қызмет мерзімі шектелмеген.

1.5. Серіктестіктің жалғыз құрылтайшысы (бұдан әрі - Қатысушы):

«TAMOS EDUCATION» (TAMOS ЭДЬЮКЕЙШН) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 070740004047, «Альфа-Банк» АҚ ЕБ-гі ЖСК KZ339470398926058634, БСК ALFAKZKA, орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Ө. Кекілбайұлы көшесі, 129/4-үй.

## **2-бап. Серіктестік қызметінің мәні мен мақсаты**

2.1. Серіктестік қызметінің негізгі мақсаты табыс табу үшін жарғылық қызметті жүзеге асыру болып табылады.

2.2. Серіктестіктің көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқығы бар:

- мектепке дейінгі тәрбие және оқыту;
- білім беру қызметі;
- жарнамалық-ақпараттық қызмет;
- баспа-полиграфиялық қызмет;
- ақпараттық, консалтингтік, маркетингтік, дистрибуторлық, өкілдік, жарнамалық, сервистік және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлерін көрсету;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлері.

2.3. Жүзеге асыру үшін арнайы рұқсат (лицензия) қажет болатын қызмет түрлері оны алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады. Серіктестіктің лицензияланатын қызмет саласындағы құқықтық қабілеттілігі тиісті лицензияны алған кезден бастап туындайды және ол алып қойылған, қолданылу мерзімі өткен немесе заң актілерінде белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылған кезден бастап тоқтатылады.

2.4. Серіктестік қызметінің мәні:

- мектепке дейінгі жастағы балаларға тән қызмет түрлерін ескере отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізінде әзірленген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін және мамандандырылған оқу бағдарламаларын іске асыру.

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын толық көлемде іске асыру;

- оқулықтар мен оқу құралдарын, инновациялық бағдарламаларды әзірлеу және жасау, оқу-әдістемелік әдебиеттер басып шығару;

- заңды және жеке тұлғаларға ақылы қызметтер көрсету.

2.5. Серіктестіктің міндеттері мен функциялары:

- 1) тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау;
- 2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері мен дербес мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік және тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- 3) сапалы мектепке дейінгі даярлықты қамтамасыз ету, оның жоғары тиімділігін қамтамасыз ететін білім беру бағдарламалары мен педагогикалық технологияларды әзірлеу және іске асыру;

- 4) тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-қимыл жасау;
  - 5) тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулық сақтау мәселелері бойынша ата-аналарға консультациялық және әдістемелік көмек көрсету болып табылады.
- 2.6. Серіктестік қызметінің мақсаты мен түрлері Қатысушының шешімі бойынша өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

### **3-бап. Серіктестіктің заңды мәртебесі. Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беру тәртібі мен мерзімдері**

- 3.1. Серіктестіктің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен реттеледі.
- 3.2. Серіктестік мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап заңды тұлға құқықтарына ие болады.
- 3.3. Серіктестік өз атынан кез келген мәмілелер жасауға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленуге, міндеттерін атқаруға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.
- 3.4. Серіктестіктің оқшауланған мүлкі болады және осы мүлікке өз міндеттемелері бойынша жауап береді. Серіктестік өз қызметінің мақсаттарына сәйкес өз мүлкін иеленуді, пайдалануды және оған билік етуді жүзеге асырады. Серіктестік Қатысушының міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал Қатысушы Серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Серіктестік қызметіне байланысты залалдар тәуекелін өзі енгізген салым құны шегінде көтереді.
- 3.5. Серіктестіктің мөрі, дербес балансы, банктерде шоттары, өз атауы жазылған бланкілері болады.
- 3.6. Серіктестік Қазақстан аумағында да, шетелде де филиалдар мен өкілдіктер ашуға құқылы. Өкілдіктер мен филиалдарға негізгі және айналым қаражаты беріледі және Серіктестік бекіткен Ережелер негізінде әрекет етеді.
- 3.7. Филиалға немесе өкілдікке басшылықты Серіктестік тағайындаған адамдар жүзеге асырады. Филиал басшысы мен өкілдік басшысы Серіктестік берген сенімхат негізінде және шегінде әрекет етеді.
- 3.8. Серіктестік басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге, сондай-ақ өзге де заңды тұлғалардың, оның ішінде шетелдік тұлғалардың қатысушысы болуға құқылы.
- 3.9. Серіктестік сыртқы экономикалық операцияларды дербес жүзеге асыруға құқылы.
- 3.10. Серіктестік шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылады, яғни жұмыскерлерінің жылдық орташа саны жүз адамнан аспайтын және жылдық орташа табысы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған үш жүз мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқығы бар.
- 3.11. Серіктестік Қатысушының талабы бойынша Қатысушының мүдделерін қозғайтын Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беруге міндетті.
- 3.12. Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралы - «Юридическая газета».
- 3.13. Серіктестікке Қатысушының мүдделерін қозғайтын ақпарат:
  - 1) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат;
  - 2) серіктестікке қатысушының лажсыз жағдайды шешудің кез келген тәртібіне бастамашылық етуі туралы ақпарат;
  - 3) Серіктестіктің атқарушы органының Қатысушы қабылдаған шешімдерді орындауы туралы ақпарат;
  - 4) Серіктестіктің мүлкіне тыйым салу туралы ақпарат;
  - 5) аудиторлық есеп (ол болған жағдайда);
  - 6) Серіктестік Жарғысына сәйкес Серіктестікке қатысушының мүдделерін қозғайтын өзге де ақпарат болып табылады.
- 3.14. Серіктестіктің оның Қатысушысының мүдделерін қозғайтын қызметі туралы ақпарат беру Қатысушы жазбаша сұрау салған күннен бастап 10 күндік мерзімде жүзеге асырылады. Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат Серіктестікке Қатысушыдан басқа үлесті сатып алушыларға берілуі мүмкін. Ақпаратты беру тәртібі мен көлемі үлестерді сатып алу туралы алдын ала шартта белгіленеді.

### **4-бап. Жарғылық капитал**

- 4.1. Серіктестіктің қызметін ұйымдастыру үшін Қатысушы **291 700 (екі жүз тоқсан бір мың жеті жүз) теңге** мөлшерінде жарғылық капитал қалыптастырады.

4.2. Серіктестіктің жарғылық капиталына акша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, оның ішінде жер пайдалану құқығы және зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқық және өзге де мүлік салым бола алады. Қатысушының (Қатысушылардың) Жарғылық капиталға заттай нысандағы немесе мүліктік құқықтар түріндегі салымдары акшалай нысанда бағаланады. Егер мұндай салымның құны айлық есептік көрсеткіштің 20 мың мөлшеріне баламалы сомадан асып кетсе, оны бағалауды тәуелсіз сарапшы растауға тиіс.

4.3. Жарғылық капиталдың мөлшерін өзгерту, ұлғайту немесе азайту Қатысушының шешімі бойынша ғана жүзеге асырылуы мүмкін, бірақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең аз мөлшерден төмен болмауы тиіс.

4.4. Серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайтуға ол толық төленгеннен кейін жол беріледі және:

1) Серіктестіктің меншікті капиталы есебінен, оның ішінде оның резервтік капиталы есебінен жарғылық капиталдың мөлшерін ұлғайту;

2) Серіктестіктің құрамына жаңа қатысушылар қабылдау жолымен жүзеге асырыла алады.

4.5. Серіктестікке жаңа қатысушыларды қабылдауға байланысты жарғылық капитал мөлшерінің кез келген өзгерісі қабылдау немесе шығару сәтінде қатысушылардың жарғылық капиталдағы үлестерін тиісті қайта есептеуге әкеп соғады.

### **5-бап. Қатысушының құқықтары мен міндеттері**

#### **5.1. Серіктестікке қатысушының:**

1) Серіктестіктің заңдарында және Жарғысында көзделген тәртіппен Серіктестіктің істерін басқаруға қатысуға;

2) Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға және Серіктестіктің Жарғысында көзделген тәртіппен оның бухгалтерлік және өзге де құжаттамаларымен танысуға;

3) заңнамаға, Серіктестіктің құрылтай құжаттарына және Қатысушының шешімдеріне сәйкес Серіктестік қызметінен табыс алуға;

4) Серіктестік таратылған жағдайда кредиторлармен есеп айырысудан кейін қалған мүліктің құнын немесе бұл мүлікті заттай алуға;

5) өз үлесін заңдарда көзделген тәртіппен иеліктен шығару арқылы Серіктестікке қатысуды тоқтатуға;

6) Серіктестік органдарының осы заңдарда және (немесе) Серіктестік Жарғысында көзделген құқықтарын бұзатын шешімдеріне сот тәртібімен дау айтуға **құқығы бар**.

Серіктестікке қатысушының заңнамада және құрылтай құжаттарында көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

#### **5.2. Серіктестікке қатысушы:**

1) Серіктестіктің жарғылық капиталына заңдарда және Серіктестіктің Жарғысында көзделген тәртіппен, мөлшерде және мерзімдерде салым енгізуге;

2) серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеуге;

3) заңнамада көзделген мәліметтердің өзгергені туралы атқарушы органға жазбаша хабарлауға **міндетті**.

Серіктестікке Қатысушы Серіктестіктің құрылтай құжаттарында, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да міндеттерді атқаруы мүмкін.

### **6-бап. Серіктестіктің таза табысы мен залалдарын бөлу**

6.1. Серіктестіктің кірісі оның бір жылдағы қызметінің нәтижелері бойынша қаржылық есептілік негізінде айқындалады.

6.2. Серіктестіктің табысы материалдық және оларға теңестірілген шығындар мен еңбекке ақы төлеу шығыстары өтелгеннен кейін шаруашылық қызметтен түскен түсімнен қалыптастырылады. Серіктестік қызметінің түпкілікті нәтижесі табыс алу болып табылады.

6.3. Салықтарды, жалақыны және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді төлегеннен кейін қалған табыс (таза табыс) Серіктестіктің меншігі болып табылады және Қатысушының шешімімен бөлінеді. Таза табысты бөлу туралы шешім Серіктестіктің тиісті жылдағы қызметінің нәтижелерін бекіту бойынша қабылданады.

6.4. Серіктестіктің барлық жарғылық капиталы толық төленгенге дейін кірісті бөлуге құқығы жоқ.

6.5. Серіктестіктің залалдары резервтік капитал есебінен, егер капитал қаражаты жетіспесе - Серіктестікте бар басқа қаражат есебінен, ал олар жетіспеген жағдайда - Серіктестіктің мүлкін

сату есебінен жабылады. Залалдарды жабу үшін резервтік капитал қаражаты жетіспеген кезде оларды жабу көздері туралы шешім Қатысушының шешімімен қабылданады.

#### **7-бап. Мүліктің құрылуы**

7.1. Серіктестіктің мүлкі Қатысушының Жарғылық капиталға салымдары, Қатысушының қосымша жарналары, шаруашылық қызметі нәтижесінде Серіктестік өндірген өнім, шаруашылық және коммерциялық қызметтен алынған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында жол берілетін басқа да негіздер бойынша алынған табыс есебінен құрылады.

7.2. Серіктестіктің мүлкі оның балансында ескеріледі.

7.3. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қатысушыларда белгіленген шекте өз мүлкін иеленуді, пайдалануды, оған билік етуді жүзеге асырады.

#### **8-бап. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі.**

##### **Білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі**

8.1. Серіктестіктегі білім беру процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ерекше қызмет түрлерін ескере отырып әзірленген үлгілік жоспарлар мен үлгілік бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылады, сондай-ақ осы Жарғымен айқындалады.

8.2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары:

1) балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және сауықтыру бірлігі қағидатын ескере отырып, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етеді;

2) даму ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке көзқарас негізінде әрбір баланың бейімділіктерін, икемділіктерін, қабілеттерін, дарындылықтарын іске асыруға және оны бастауыш білім берудің білім беру бағдарламасын меңгеруге дайындауға бағдарланады.

8.3. Мектепке дейінгі оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары оқудың, жазудың, есептеудің және тілдік қарым-қатынас тәжірибесінің қарапайым дағдыларын қалыптастырады және бастауыш білімді игеру үшін тең бастапқы жағдайлар жасауды көздейді.

8.4. Тиімді оқу-тәрбие процесін қамтамасыз ету мақсатында Серіктестікте баламалы авторлық бағдарламалар қолданылуы, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты сақталған жағдайда тәрбиелеудің, оқытудың және сауықтырудың жаңа технологиялары енгізілуі мүмкін.

8.5. Серіктестіктің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының, Қазақстан Республикасының білім беру стандартының және халықаралық білім беру бағдарламаларының талаптарын ескере отырып, дербес әзірленген интеграцияланған білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыруға құқығы бар.

8.6. Қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары білім алушылардың тұлғалық өзін-өзі айқындауын, шығармашылығын дамыту, олардың қабілеттері мен мүдделерін іске асыру, қоғамдағы өмірге бейімделу, азаматтық сана-сезімді, жалпы мәдениетті, салауатты өмір салтын қалыптастыру, мазмұнды бос уақытын ұйымдастыру үшін жағдайлар жасау мақсатында іске асырылады.

8.7. Серіктестікте мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әртүрлі жастағы қағидат бойынша мектепке дейінгі жастағы балалардан жасақталатын толық болу топтарын ұйымдастыру жолымен жүзеге асырылады.

8.8. Серіктестіктегі оқу-тәрбие процесі Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және халықаралық білім беру бағдарламаларының негізінде талаптарды ескере отырып, Серіктестік дербес әзірлеген жұмыс оқу жоспарларына және/немесе интеграцияланған оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

8.9. Серіктестікте нәсілдік, этникалық, дінн, әлеуметтік ымырасыздықты және айрықшалықты насихаттауға, халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпыға танылған қағидаттарына қайшы келетін милитаристік және өзге де идеяларды таратуға тыйым салынады.

8.10. Оқу-тәрбие процесі мүгедектердің құқықтарына құрметпен қарайтын баланың, педагог жұмыскерлердің адами қадір-қасиетін өзара құрметтеу негізінде жүзеге асырылады. Балаға қатысты дене, моральдық және психикалық зорлық-зомбылық әдістерін қолдануға жол берілмейді.

8.11. Серіктестікте тәрбие мен оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде (баланың ата-аналарының және/немесе өзге де заңды өкілдерінің таңдауы бойынша) жүргізіледі. Мекемеде оқыту қосымша шет тілдерінде жүргізілуі мүмкін.

8.12. Серіктестікте тәрбие мен оқытуды Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Серіктестік жалдаған қазақстандық, сондай-ақ шетелдік педагогтар жүзеге асырады.

8.13. Серіктестікте мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мынадай кезеңдер бойынша жүзеге асырылады:

- 1) 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін - оқу жылы;
- 2) 1 маусымнан 31 тамызға дейін - жазғы сауықтыру кезеңі;
- 3) мектепке дейінгі даярлық сыныптарында оқу процесі ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап келесі жылдың 25 мамырына дейін жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде каникулдар белгіленеді;
- 4) Тәрбиеленушілерді бір жас тобынан екіншісіне ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы жылғы 1 қыркүйектегі толық жасқа толуын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

8.14. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесі мен сабақ режимі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар, денсаулық сақтау және білім беру органдарының оқу жоспарлары мен ұсынымдары негізінде жүзеге асырылады.

8.15. Мектепке дейінгі сыныптардағы сабақтың (оқудың) ұзақтығы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес белгіленген және 25-30 минутты құрайды. Оқу жылының ұзақтығы, мектеп алдындағы сыныптарда каникул өткізу мерзімдері мен ұзақтығы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

8.16. Серіктестік баланың ата-аналарына және/немесе өзге де заңды өкілдеріне оқу-тәрбие процесінің барысымен және мазмұнымен, сондай-ақ үлгерімімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

**9-бап. Серіктестіктің білім алушылармен/тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынастарын ресімдеу тәртібі.**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үшін бұрын қабылданған білім алушылар мен балаларды оқудан шығарудың негіздері мен тәртібі**

9.1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үшін Серіктестікке балаларды қабылдау, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту Серіктестік пен баланың ата-анасы және/немесе өзге де заңды өкілі арасында жасалған қызметтер көрсетуге арналған тиісті шарттың ережелері және Қазақстан Республикасының заңнамасы ескеріле отырып, ақылы негізде жүзеге асырылады.

9.2. Серіктестікке балаларды қабылдау кезінде Директор немесе Серіктестіктің өзге де уәкілетті жұмыскері осы Жарғының ережелерімен, Ішкі тәртіп қағидаларымен, оқушылар мен олардың ата-аналарының және/немесе өзге де заңды өкілдерінің Серіктестік аумағында мінез-құлқының өзге қағидаларымен, қызмет көрсету шартымен және Серіктестікте оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды регламенттейтін басқа да құжаттармен оқуға түсушілердің ата-аналарын және/немесе өзге де заңды өкілдерін таныстырады.

9.3. Серіктестіктің тәрбиелеу және оқыту процесінде балалардың ата-аналарымен және/немесе өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынастарын ресімдеу қызмет көрсетуге шарт жасасу жолымен жүзеге асырылады.

9.4. Баланы Серіктестікке қабылдау Серіктестік Директорының бұйрығымен ата-анасының бірінің және/немесе өзге де заңды өкілінің жазбаша өтініші негізінде жүргізіледі. Қабылдау туралы бұйрық ата-ана, өзге де заңды өкіл және/немесе өзге де уәкілетті тұлға қызмет көрсетуге арналған шартқа сәйкес толық немесе ішінара ақы төлеуді енгізгеннен кейін күшіне енеді.

9.5. Баланы шығару мынадай жағдайларда жүргізіледі:

- ата-аналардың және/немесе өзге де заңды өкілдердің баланы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды басқа мекемеде жалғастыруға тілегі;
- баланың дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамасы негізінде оның Серіктестікте болуына кедергі келтіретін медициналық қарсы көрсетімдерінің болуы;
- қызметтер көрсетуге арналған шарт бойынша уақтылы ақы төлемеу;
- баланың дәлелді себептерсіз және әкімшілікке ескертусіз бір айдан астам сабаққа келмеуі;
- баланың, ата-анасының және/немесе баланың өзге де заңды өкілінің Жарғыны, Ішкі тәртіп ережелерін және Серіктестіктің өзге де құжаттарын бұзуы;
- баланың ата-анасының және/немесе өзге де заңды өкілінің қызмет көрсетуге жасалған шарттың талаптарын елеулі түрде бұзуы;

- қызметтер көрсетуге арналған шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда жүзеге асырылады.

9.6. Тәрбиеленушінің, ата-аналардың және мектепке дейінгі ұйым персоналының қарым-қатынасы ынтымақтастық, оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың өзара сыйластығы негізінде және тәрбиеленушіге жеке ерекшеліктеріне сәйкес даму бостандығын беруді ескере отырып құрылады.

#### **10-бап. Ақылы қызметтер тізбесі және ұсыну тәртібі**

10.1. Серіктестік мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жөнінде қызметтер көрсетуден басқа мынадай ақылы қызметтер көрсетеді:

- қосымша білім беру бағдарламалары бойынша көрсетілетін қызметтер (шығармашылықты, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділік пен қызығушылықты дамыту және т.б.);
- арнайы курстарды қосымша оқыту жөніндегі қызметтер;
- шет тілдерін қосымша тереңдетіп оқыту жөніндегі қызметтер;
- баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған қосымша дене шынықтыру-сауықтыру бағдарламалары бойынша көрсетілетін қызметтер;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызметтер.

10.2. Серіктестіктің, баланың, оның ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің Серіктестіктің Жарғының 10.1-тармағында көзделген қызмет көрсету бөлігіндегі өзара қарым-қатынастары, сондай-ақ Серіктестіктің аталған қызметтерді ұсыну тәртібі Серіктестік пен баланың ата-анасы және/немесе өзге де заңды өкілі арасында жасалатын қызметтер көрсету туралы тиісті шарттармен реттеледі.

#### **11-бап. Басқару органдары**

11.1. Серіктестіктің органдары:

- 1) Жалғыз Қатысушы - Серіктестіктің жоғары органы;
- 2) Директор - Серіктестіктің атқарушы органы.

11.2. Серіктестікке Қатысушы байқаушы кеңесті және (немесе) тексеру комиссиясын (тексерушіні) құру туралы шешім қабылдауы мүмкін.

11.3. Серіктестік органдарының шешімдер қабылдау тәртібі осы Жарғымен және Серіктестіктің өзге де ішкі құжаттарымен айқындалады.

#### **12-бап. Серіктестікке Қатысушы**

12.1. Қатысушының айрықша құзыретіне:

- 1) Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жерін және фирмалық атауын өзгертуді қоса алғанда, Серіктестіктің Жарғысын өзгерту немесе Серіктестіктің Жарғысын жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Серіктестіктің атқарушы органын құру және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, лауазымдық айлықтарының мөлшерін, атқарушы органның мүшелеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын белгілеу, сондай-ақ Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осындай беру шарттарын айқындау;
- 3) Серіктестіктің байқаушы кеңесін және (немесе) тексеру комиссиясын (тексерушісін) сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестіктің тексеру комиссиясының (тексерушісінің) есептері мен қорытындыларын бекіту;
- 4) қаржылық есептілікті бекіту және таза табысты бөлу;
- 5) Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды айқындау;
- 6) Серіктестіктің Жарғысымен бекітілуі Серіктестіктің өзге органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа, ішкі қағидаларды, оларды қабылдау рәсімдерін және Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарды бекіту;
- 7) Серіктестіктің өзге де шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім шығару;
- 8) Серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім шығару;
- 9) тарату комиссиясын тағайындау және тарату балансын бекіту;
- 10) «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңына сәйкес Серіктестікке қатысушыдан үлесті мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім шығару;
- 11) Серіктестік мүлкін кепілге беру туралы шешім шығару;

- 12) «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңына сәйкес Серіктестік мүлкіне қосымша жарналар енгізу туралы шешім шығару;
- 13) Серіктестікке Қатысушыға және үлестерді сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты беру тәртібі мен мерзімдерін бекіту;
- 14) жауапкершілігі шектеулі серіктестікпен оның нәтижесінде серіктестік құны Серіктестік активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің 51 (елу бір) және одан көп пайызын құрайтын мүлікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілені немесе жиынтығында өзара байланысты мәмілелер жасасуды мақұлдау туралы шешім шығару;
- 15) Серіктестіктің корпоративтік басқару стандарттарын бекіту;
- 16) үшінші тұлғадан/тұлғалардан қарыздар түрінде қосымша қаржыландыруды тарту туралы шешім шығару;
- 17) Серіктестіктің әрбір күнтізбелік жылға арналған бюджетін бекіту;
- 18) Серіктестіктің жоспарлары мен қызметінің орындалуын бақылау;
- 19) Серіктестік қызметінің бағыттарын өзгерту;
- 20) Серіктестік қызметінің даму стратегиясы мен басым бағыттарын, Серіктестікті дамытудың индикативтік жоспарларын бекіту.

12.2. Қатысушы Серіктестіктің қызметіне қатысты кез келген мәселелерді шешуге құқылы және Серіктестіктің атқарушы органына өзінің айрықша құзыретіне жатпайтын өз өкілеттіктерінің бір бөлігін бере алады.

### 13-бап. Серіктестіктің атқарушы органы

13.1. Серіктестіктегі атқарушы орган Директор болып табылады.

13.2. Директор Серіктестіктің қызметіне ағымдағы басшылықты жүзеге асырады, Серіктестіктің мүддесі үшін әрекет етеді және Серіктестіктің Қатысушысына есеп береді.

13.3. Директордың құзыретіне Қатысушының құзыретіне жатпайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда және Серіктестіктің өзге де құжаттарында айқындалған Серіктестіктің қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері жатады, оның ішінде:

- 1) нәтижесінде Серіктестік Серіктестік активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің 51 (елу бір) және одан да көп пайызынан аспайтын сомаға мүлікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) Серіктестіктің мәмілелер жасасуы немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығы туралы шешімдер қабылдау;
- 2) Қатысушыға Серіктестікті үшінші тұлғадан/тұлғалардан қарыз түрінде қосымша қаржыландыру мәселелері бойынша ұсыныстар дайындау;
- 3) Серіктестіктің, оның филиалдары мен өкілдіктерінің штат кестесін бекіту;
- 4) Серіктестіктің ішкі құжаттарына сәйкес жылдық бюджетті және отемақы саясатын, сондай-ақ оларды іске асыру (орындау) туралы есептерді әзірлеуді қамтамасыз ету және оларды Қатысушының қарауына және бекітуіне шығару;
- 5) Серіктестік қызметінің нәтижелеріне әсер ететін немесе әсер етуге қабілетті фактілерге назар аударып, Серіктестікке Қатысушыға Серіктестіктің стратегиясын орындау нәтижелері, операциялық қызметі туралы есептерді ұсыну;
- 6) Серіктестікке Қатысушы бекіткен ағымдағы және перспективалық жоспарлар мен бағдарламалардың, оның ішінде коммерциялық қызметті дамыту жөніндегі бағдарламалардың орындалуын қамтамасыз ету;
- 7) Серіктестік жұмыскерлеріне қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қотермелеу және тәртіптік жаза қолдану шараларын қабылдау, орнын ауыстыру, жұмыстан босату, қолдану туралы бұйрықтар және өзге де бұйрықтар мен өкімдер шығару;
- 8) өзіне берілген өкілеттіктерді ескере отырып, мәмілелер (шарттар, келісімшарттар, келісімдер) жасасу және бұзу, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу және олардың орындалуын қамтамасыз ету;
- 9) Серіктестіктің ішкі қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын, бекітілуі атқарушы органының құзыретіне жатқызылған құжаттарды бекіту;
- 10) Серіктестіктің барлық жұмыскерлері орындауға міндетті нұсқаулар беру.

13.4. Директор:

- 1) Серіктестіктің атынан оның үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) Серіктестікті оның үшінші тұлғалармен қатынастарында, оның ішінде қайта сенім білдіру құқығымен ұсыну құқығына сенімхаттар береді;

СМОТРИ НА  
ОБОРОТЕ

- 3) банктерде Серіктестіктің есеп айырысу және өзге де шоттарын ашады, Серіктестіктің ақшалай қаражаты мен мүлкіне өзіне берілген өкілеттіктер шегінде билік етеді;
- 4) Серіктестік жұмыскерлерінің орындауы міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады, жазалар қолданады;
- 5) кадрларды іріктеуді және орналастыруды жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жұмыскерлерді қабылдау және жұмыстан босату құқығын пайдаланады;
- 6) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды Қатысушының келісімімен Серіктестік жұмыскерлерінің біріне жүктейді;
- 7) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына, Қазақстан Республикасы халқының санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес Серіктестікте оқу-тәрбие процесін жүзеге асыру үшін жағдайлар жасайды;
- 8) балалардың мүдделерін, отбасының қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қосымша қызметтерді ұйымдастырады;
- 9) Серіктестік мүлкінің сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;
- 10) Серіктестік Жарғысында Қатысушы құзыретіне жатқызылмаған өзге де өкілеттіктерді, сондай-ақ оған Қатысушы берген өкілеттіктерді жүзеге асырады.

13.5. Директорды Қатысушы 5 (бес) жыл мерзімге тағайындайды. Директормен еңбек шартына қол қоюды Серіктестікке Қатысушының атқарушы органы немесе оған Қатысушы уәкілеттік берген өзге де тұлға жүзеге асырады.

13.6. Директор шексіз рет қайта сайлана алады.

13.7. Директор:

- 1) тәрбиеленушілердің, қызметкерлердің құқықтары мен бостандықтарының бұзылуы;
- 2) өз құзыретіне жатқызылған функцияларды орындамау;
- 3) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын бұзу;
- 4) оқу-тәрбие процесі кезінде тәрбиеленушілер мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын қорғауды;
- 5) қаржы-шаруашылық қызметтің жай-күйі, оның ішінде материалдық және ақша қаражатын мақсатсыз пайдалану;
- 6) нормативтік құқықтық актілерде және еңбек шартының талаптарында көзделген талаптардың өзге де бұзылуы үшін жауап береді.

13.8. Серіктестік директорына:

- 1) Қатысушының келісімінсіз Серіктестікпен одан мүлдіктік пайда алуға бағытталған мәмілелер жасасуға (сыйға тарту, қарыз, өтеусіз пайдалану, сатып алу-сату және т.б. шарттарды қоса алғанда);
- 2) Серіктестіктің үшінші тұлғалармен жасасқан мәмілелері үшін Серіктестіктің өзінен де, үшінші тұлғалардан да сыйақы алуға;
- 3) Серіктестікпен қарым-қатынастарында үшінші тұлғалардың атынан немесе мүдделері үшін әрекет етуге;
- 4) Серіктестіктің қызметімен бәсекелесетін қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

Жарғының осы тармағының 1) -3) тармақшаларында көзделген шектеулер сондай-ақ зайыбына да, барлық тікелей кейінгі және ата-тегі тамыры бойынша туыстарына да, сондай-ақ туған аға-інілері мен апа-сіңділеріне де қолданылады.

13.9. Серіктестік директоры Серіктестікке қатысушының Серіктестікке келтірген шығындарын өтеу жөніндегі талабы бойынша жауапқа тартылуы мүмкін.

13.10. Серіктестік директоры Серіктестікті басқарудың атқарушы органының тиісінше жүзеге асырмауынан туындаған Серіктестіктің дәрменсіздігі (банкроттығы) салдарынан осы тұлғалар шеккен залалдар үшін үшінші тұлғалар алдында Серіктестікпен бірлесіп субсидиарлық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

#### **14-бап. Серіктестікті қайта ұйымдастыру және оның қызметін тоқтату**

14.1. Серіктестіктің қызметін тоқтату Қатысушының немесе соттың шешімі бойынша жүргізіледі.

14.2. Серіктестік өз қызметін мынадай негіздер бойынша:

- 1) егер жарғылық капиталды азайту нәтижесінде оның мөлшері ең төменгі мөлшерден кем болса;

- 2) егер Қатысушы Қазақстан Республикасының заңнамасында және құрылтай шартында белгіленген мерзімде Серіктестіктің жарғылық капиталын құрмаса;
- 3) банкроттық кезінде;
- 4) Серіктестікті құру кезінде жойылмайтын сипаттағы заң бұзушылықтарға жол берілуіне байланысты оны тіркеуді жарамсыз деп тану кезінде;
- 5) қызметті тиісті рұқсатсыз (лицензиясыз) не заң актілерінде тыйым салынған қызметті жүзеге асырған не Қазақстан Республикасының заңнамасын бірнеше рет немесе өрескел бұзған кезде;
- 6) заң актілерінде көзделген басқа да жағдайларда тоқтатады.

#### **15-бап. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу**

- 15.1. Серіктестіктің Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар түрінде ресімделуі не Жарғы ретінде жаңа редакцияда ресімделуі мүмкін.
- 15.2. Серіктестіктің Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар Қатысушының шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен енгізіледі.